





"Оқушылар шығармашылығынан"



Ой өрісінді дамыт

№1 31.01.2020ж

Бас редактор:
Алдангарова
Меңсүлу

Тілшілер:
Ұзақов Алан
Ергалиева Әдемі
Шарипова Гульдина

Бет құрушы &
дизайн:
Сатканова
Эльмира
Мухиденовна

Газет айына 1 рет
шығады
Таралымы: 50 дана



Абайға арнау

Абай сөзі бүгінгі заманмен де, келешекпен де үндесіп жатыр. Мемлекет басшысы «Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет» деп ақын мұрасының қазіргі уақытта, іргелі ел боламыз деп жатқан тұста қаншалықты маңызы зор екенін атап өткен.

Ақын талантты, өнер іздеген жандарға алға қойған зор мақсатқа жету жолындағы күресте табандылық, жігерлілік көрсететініне үлкен сенім білдіреді. Ең бастысы білімге, ғылымға, еңбекке, ар-намыс, абырой, кеңпейілділік, жомарттық сияқты қасиеттерді қалыптастыра алсақ, еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың мақаласындағы Ұлы Абайдың адам болу арманын орындауға қосқан үлесіміз деп ойлаймын.

Абай атаға

Қарап өскен шыңына Шыңғыстаудың,
Қазақ үшін тебреніп, тырмысқан мың.

Абай ата, ұлт үшін терді төктің,
Қалам ұстап жүректі жыр қысқан күн.

Дана болған ерекше дара болған,
Өлеңінмен сыйлаған балаға арман.
Құнанбайдың ұлы боп асыл туған,
Шәкәрімге тым ізгі аға болған

Тоғжан сұлу орын ап жүрегінен,
Көңіліне данамның гүл егілген.
Абай ата- ұлы боп қазақ үшін,
Құдай салған ақ жолмен жүре білген.

Өлеңінмен қыла алған таңды да аңыз,
Шырқап кеткен әуезді әнді нағыз.
Абай ата, тәрбие тәлім берген,
Өзіңізге қазағың мәңгі қарыз!

Ұрпағына сара жолды қалдырып,
Ғасыр сайын бар әлемді таң қылып.
Ибрахим, Абай ата, Шәкәрім
Ұлы есімдер-
Өлмейтұғын мәңгілік!

Жамбыл Қуанышұлы
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі




Шамшырақ

Интернетсіз бір күнді қалай өткіздім

2020 жылғы 26 қаңтар
Халықаралық интернетсіз күніне арналған
«МЕН OFFLINE (ОФФЛАЙН)»
Республикалық кең ауқымды
балалар акциясы



Республиканская широкомасштабная
детская акция, посвященная
Международному дню без интернета
26 января 2020 года
«Я OFFLINE (ОФФЛАЙН)»



№131.01.2020ж

Шамшырақ

Жолда жүру ережесін сақтаймыз!

Балалар! Сендердің көшедегі абайсыз тәртіптерің, жолда жүру ережелерін сақтамауларың түрлі жарақаттануларға әкеліп соғуы мүмкін. Естеріңде болсын! Жолда жүру ережелерін әркез ұстанып жүріңдер!

Есіңе сақта.

- ✓ Көшеден өткенде арнаулы жерден, жасыл жанғанда ғана немесе реттеушінің белгісін күт;
- ✓ Жол қиылысында аса абай бол;
- ✓ Көшеден тек жаяу адамдар өтпелері бойынша жүр;
- ✓ Көшелер мен жолдарда шанамен сырғанап ойнама;
- ✓ Бағдаршамға қарауды ұмытпа;
- ✓ Жолдан өтер кезде алдымен сол жағына содан соң оң жағына қарап, арнайы жаяу жүру жолымен өт;
- ✓ Көшеде бейтаныс адамдармен сөйлеспе және ілесіп кетпе;
- ✓ Сырт киімге, сумкеңе фликер жапсыруды ұмытпа.

Жол заңы дұрыс жүріп, абай болуды талап етеді. Жол тәртібін бұзба, ол қатер тудырады. Жолдың қалыпты қозғалысы көбінесе балалардың жол бойында қалай болса, солай жүріп, доп қуалайтыны, жүріп бара жатқан машинаға жабысатыны, қалтарыстан жолға шығып кететінінің салдарынан бұзылады. Жол тәртібін бұзғандықтан кейбіреулер машина дөңгелегіне ілініп қаза тауып, кейбіреулер жарақат алады. Ал кейбіреулер өмірлік мүгедек болып қалады.

Қай көше, қай қалаға барсаңызда,
Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да.
Жолда жүру ережесі- заңды тәртіп,
Ол ортақ үлкен-кіші баршаңызға.

Өз тілшімізден



"Шебер қолдар" шеберлік сыныбы

*Шебердің инесі де,
Күймесі де – алтын.*

Қолөнер – ғасырлар бойы дамып, қалыптасып келе жатқан халық шығармашылығы. Ол талай ғасырлар кезеңінен өтіп, түрленіп, жаңарып келіп, атадан балаға қалған мұра ретінде бізге жеткен дәстүрлі өнер. Қазіргі кезде сол ұлттық қолөнерді жас ұрпақтың бойына дарытатын, үйрететін білім ортасы. Олай болса «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген халық даналығын басшылыққа алып, жас ұрпақты тәрбиелеуде 30 қаңтар күні «Аялы алақан» аналар клубы, «Ақмаржан» әжелер ансамблі және 7-10 сынып қыздарымен ұлттық қолөнер түрлері бойынша шеберлік сыныбы өткен болатын.

■ 10 сынып оқушысы Кусаева Алина:

- Ауылымыздың мақтан тұтар Күләш әже мен мектеп ұстазы Шолпан Маратовна қалдық заттардан бұйымдар жасау, гипспен жұмыс, кесте тоқу, бес инемен тоқу, матадан ою жұмыстарын көрсетті. Шебер сыныпты ұйымдастырған жандарға қыздардың атынан рахмет айтамын. Маған бәрі ұнады.

■ 9 сынып оқушысы Карабалиева Райхан:

- Әжелеріміз бізді еңбекке баулыды, негізінде мен өз әжемненде қармақпен тоқу, кесте төгуді үйренген болатынмын. Бұл кеш маған ұнады. Болашақта өміріме керек болатын нәрселерді жадыма сақтадым. Менің ойымша әр қыз қолына ине ұстай білу керек.

■ 9 сынып оқушысы Мамышева Альгина:

- Бұл кеш маған ұнады. Бұл шебер сыныбында құрақ көрпе жасау, ұршықпен жіп иіруді, жүн түтуді, бізге болашақта керек болатын істерді үйретті. Әжелермізге, аналарымызға алғысымызды білдіреміз. Үлкен рахмет!



Шамшырақ

Көп тілді білу - заман талабы

Мектебімізде үштілділікті меңгерту барысында химия, физика пәндері бойынша «My favorite subject» тақырыбында сыныптан-тыс шара өткізілді. Шараға мектебіміздің 8-10 сынып оқушылары белсенді қатысты. Қатысушы оқушылар өздерінің сүйікті пәндерінің басқа пәндерден ерекшеліктерін көрсете білді. Атап айтсақ, Тлеумбетов Марат, Карабалиева Райхан, Мендибаева Аружан «Менің сүйікті пәнім-Математика» тақырыбын алып, өздерінің сүйікті пәндерінің басқа пәндерден ерекшелігін көрсете білді. Химия пәні бойынша: Алдангарова Меңсұлу, Сатыбалдиев Бекзат, Шарипова Гүлдина қызықты зертханалық жұмыстарын көрсетті. Дене шынықтыру пәнінен Изғалиев Темірлан, Мендіхан Досымхан, Узакбаев Алан қол күресінің ережелерімен таныстырды. Биология пәні бойынша Тулегенова Гүлназ, Мамышева Альгина, Ахиярова Жанагүл ерекше таныстыру көрсетті. Физика пәні бойынша Шарипова Камила, Карабалиев Алихан, Кеңес Нұрхан қызықты тәжірибелер көрсетті. Мектеп директоры Уразалиева Айман Нургалиевна көрсеткен жұмыстары бойынша мектебіміздің макетін дайындауға жобалық жұмыс ұсынды. Сыныптан-тыс шара қорытындысы бойынша:

1 орын «Biology»

2 орын «Physics»

3 орын «Mathematics» ие болды. «Chemistry», «Physical education» белсенді қатысқандары үшін марапатталды.

*Физика пәнінің мұғалімі
Ұлмекен Нұрымғалиқызы*



№1 31.01.2020ж



Студенттермен кездесу кеші

Мектептен түлеп ұшқалы отырған 11-сынып оқушыларын «қандай мамандықты тандаймын» немесе «тандаған мамандығыма қалай қол жеткіземін» деген ойлар мазалайтыны анық. Мамандық таңдау кезеңінде біздерге бағыт-бағдар беріп, таңдау мүмкіндіктерін шешу үшін ұстаздармен, кешегі түлектер, бүгінгі студент, болашақ маман иелерімен, кездесіп ой бөлісу, пікір алмасудың маңызы өте зор. Осындай мақсатта 13 қаңтар күні аға тәлімгер Эльмира Мұхиденқызы мектеп бітіріп кеткен түлектермен кездесу кешін өткізді. Кездесу «Түнгі студия» бағдарламасы бағытында өтті. Бұл кездесу кеші өте әсерлі, қызықты өтті және жаңа үлгіде ұйымдастырылған. Келген қонақтар, студенттер «ҰБТ кезінде кездесетін қиындықтар», «ҰБТ-ге қалай дайындалған тиімді», «мамандық таңдау», «Студенттік шақтың қызықтары» және тағыда басқа көкейімізде жүрген көптеген сұрақтарға жауап алдық. Кешке мұғалімдер және студенттердің сынып жетекшілері де шақырылған. Студенттер өздерінің мектеп қабырғасында жүргендегі естеліктерімен де бөлісті. Қатысушы оқушылармен және студенттермен қызықты ойындар ұйымдастырылып, кеш соңында келген қонақтар өз өнерлерін ортаға салды.

Мектепшілік «Жас Ұлан» балалар ұйымының мүшесі, 10 сынып оқушысы
Алдангарова Меңсұлу



№131.01.2020ж





Шамшырақ

№1 31.01.2020

«Жас Ұлан» балалар ұйымының шығармашылығынан



"Абай ілімі - ар ілімі"

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым ойлап қой –
Бес асыл іс көрсеңіз.

Бала кезімізде осы өлеңді жаттап, сол жаттауымыз әлі күнге жадымызға мәңгі сақталған. Ол кезде жаттау керек болғасын жаттаушы едік, мән-мағынасын түсінбей. Қазір Абай атамыздың өлеңдерін оқысаң, әр сөзінде терең ой жатыр. Мысалға бұл өлеңнің әрбір жолы тұнып тұрған даналық. «Ғылым таппай мақтанба» деген сөзі жастарға жолданған. Ең бірінші білім ал, ғылым ал, бұл өмірден өз орныңды тап, ал «бес дұшпан»: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Осы «бес дұшпаннан» қашық, «бес асылға» асық болуымыз керек. Абай атамыздың адамға қойған талаптары көп. Бірінші талап - «Адам бол!». «Адам болу» өз қолыңда! Ол сенің талабыңа, ынтаңа, жігеріңе байланысты. Адамды күштеп, зорлап адам қыла алмайсың. Адамды сырттан күштеп инабатты, мәдениетті қыла алмайсың. Адамды зорлап оқытып, маман қыла алмайсың. Оқу да, ғылым да, өнер де – бәрі де талаппен, ынтамен, жігермен келеді. Адам болудың, өсіп жетілудің тағы бір шарты – қанағат. Қанағатшылық қазіргі нарық заманына керек-ақ. Қанағат болса, ұят болса жемқорлық осылай жайылып кетер ме еді? Білім ал, ғылым ал, ерінбе, еңбек ет, ең бастысы «Адам бол», бақытты бол!

Сатканова Эльмира Мұхиденқызы,
Аға тәлімгер

